

Осы үркердей топтың ішінде Ахмет Байтұрсынұвын азаттық жолындағы күресіне атқарған қызметі айрықша. Оның бүкіл саналы жұмыры туган халқының бақытты болашағы үшін қызмет етуге арналған. Жастайынан әділетсіздікті көп көріп өскен Ахметтің ой-санасы ерте оянады. Ол көрген өмірдің ауыртылдықтары, патша өкіметінің отаршылдық қысымы жас жігіттің бойындағы халықтық қасиеттерді қалыптастырады. Патша ұлықтарына қарсы шыққаны үшін әкесі мен ағасының сотталып кетуі, кейіннен зорлық-зомбылықты басынан көп өткеруі оны азаттық жолындағы күреске ұмтылдырды. Бұл туралы ол бір өлеңінде "өк тип, он үшінде ой түсіріп, бітпеген жүрегіме бар бір жарам" деп, он үш жасынан бастап осы жолға түскенін айтады.

А. Байтұрсынұвын Ә. Бөкейханов, М. Дулатовтармен бірге қазақ халқының төуелсіздік жолындағы саяси күреске бастаған Алашорда қозғалысын ұйымдастырды. Кеңес өкіметі орнаған соң, халық ағарту саласында еңбек етті. Қазақ тілінің тұңғыш алфавитін жасады; ана тілінен оқулықтар жазды, сөйтіп ұлттық тіл білімінің негізін қалады. Ахметтің жазушылық қызметі мысал жазудан басталды. Оның И. А. Крыловтан аударған мысалдары 1909 жылы "Қырық мысал" деген атпен басылып шықты. Ақын мысал тілімен патша ұлықтарының отаршыл-қанаушылық саясатын, ел ішіндегі жағымсыз қылдықтарды, әділетсіздіктерді аяусыз сынады.

Ақынның өз өлеңдері кірген "Маса" кітабы 1911 жылы жарық көрді. Ахмет өз ойларын "Қырық мысалда" түспалдан жеткізсе, "Масада" ашық айтады. Қазақ халқының қоғамдық дамуда артта қалғандығын көріп қынжылады. Ел ішінде орын алған келенсіз жағдайды сол күйінде суреттейді. Халқының ұлықтап жатқан қалпын көріп, оңтұға тырысады. Бейғам жатқан елін маса болып, шағып отырғаны келеді. Кітаптың "Маса" аталауы да сондықтан.

"Қыз елік қатар ұшып қанжылдаған, Сахра — көлге қонып салқындалған. Бір өртке қаудан шыққан дұшар болып, Ең қалды тәнімде шарпылмаған" деп басталатын "Қазак салты" өлеңінде бас көтерер алаш азаматтарының бәрі қамалып жатса да "Кім қалды таразың тартылмаған" өркінің өз бес қымын қуып, санасыздықтан халқының үйкіма қалып отырғанына ("Бөрінен тыныш ұнқытап жатқандар көп") наиды.

"Аттың аяты бақан дерт" мендеген халқының басынан "Жарқырап жақсылықтың таңы атпай тұр, Түнерген төбемізден бұлт арылмай" деп, күннің Осылай күйге жеткізген ел ішіндегі келенсіз құбылыстарды Абай сияқты Ахаң да аяусыз сынады. Алауыздық тамыр жайып, біраігі кеткен елді

"Ұйқышы жұртты, Түскенін мұртты, Обыр обып, сорып тұр. Түн етіп күнін, Көрсетпей мінін, Оңтықбай қорып тұр, Обыр болса, қамқорың, Қайнағың сол сорың!" — дей келіп: "Қазағым, елім, Қайқайып бөлің, Сыңуға тұр таянып, Талауда малың, Қамауда жаның, Аш қолыңды оянып, Қанған жоқ па өлі ұйқың, Ұйықтайтын бар не сиқың?" — деп жүрек сыздатар сөз айтады. Күйіне отырып, ел-жұртын ұйқыдан оятуға тырысады. Халқының қамын көп ойлап, "Қалың елім, қазығым, қайран жұртым" деп, жылап өткен ұлы Абайдың зқндық жолын Ахмет жалғастырып тұрғандай. Ахмет те Абайша толғанып, Абайша жырлайды.

Қазақ даласының әулеттік жай-күйі "Қазак салты", "Қазак қалпы", "Жиған-терген" сияқты өлеңдерінде шынайы суреттелеген. Ал бесік жыры үлгісімен жазылған "Жұбаты" өлеңі:

"Қайран еркін Замандарың! Тарлыққа жоқ Амалдарың! Еркін дала, Еркін қайда? Еркіндегі Көркің қайда?" — деген жолдармен басталған. Алты ауыз алауыздықтың салдарынан өзге елге бодан болған елін.

"Малың алдау, Талауда тұр, Жаның арбау, Қамауда тұр, Аяғыңды тусау Қысты, Жақтарыңды Қурсау қысты" — күйінде көреді. Ұлықтарың "біз тұрғанда қам жеме, ұйықтай бер" деп, "әділдейді", ондай "әділдеі" сеніп қалма деп, халқын қырағылыққа үгіттейді.

А. Байтұрсынұвын қазақ елін теңізге қалқып жүрген қалтырлық қайыққа теңейді. Ал өмір атты үлкен мұхитта қалт-құлт еткен қайықпен мекені жеріне жете алмасыз тағы да белгілі. Алаң қойған үлкен мақсаттарға жүрі үшін соған биік үлкен істер керек. Жауын істерді жүзеге асыру оңай шаруа емес, ол бірдің қолынан емес, көптің қолынан, жай гана емес, күреспен келетіні тағы бар. Күрес жолы — қиын жол. Желіске жету үшін күресу білу керек. Ол түрде жатып жазған "Анама хат" өлеңінде алысы жұбата келеді:

"Тайнаған талай жорға, талай тұлпар, Таңдардың көз бөлп тұр кермесіне. Солардан жаным-тонім ардақты емес, Орысыңыз күйзелетін мен несіне?" — деп, өзінің азаттық үшін күрес жолына саналы түрде түскендігін жан анысына ашық айтады.

Ақын тағы бірде: "Жарқырап жақсылықтың таңы атпай тұр, Түнерген төбемізден бұлт арылмай", —

Сөуле беріп жарқырап, Болар жарық төрт тарап?" — деп, халқының азат болған бақытты шағын көруі аңсайды. Ғұмырын елінің ертеңіне арнаған А. Байтұрсынұвын халықтың теңдікке жету жолы деп, әулеттік оянуға, ол үшін сауатты болып өнер-білімді үйренуге шақырды. "Адамдық диканышысы", "Ғылым", т.б. өлеңдерінде жастарды білім алуға, ғылым үйренуге үндеді; халқы бақытты болашақ үшін күреске шақырады.



Дандай ЫСҚАҚҰЛЫ, филология ғылымының докторы, профессор.

деп жастарды белсенділікке қайрады. Бақытты болашақты олардың өз қолдарымен құру керек екендігі, ол үшін тізгінді қолға алу қажеттігі айтылған.

"Тұқымын адамдықтың шаштым, ектім, Көңілің көгертуге құл халықтың", — деп, оның өзі жырлағандай, ақын барлық ғұмырын халқының ұлттық сана-сезімінің оянуына, азаттық жолындағы күресіне арнады. Әрбір азаматтың ұлт алдындағы бағасы оның өз халқына қаншалықты қызмет еткендігімен өлшенеді десек, Ахметтің де елінің ертеңіне еткен өлеусіз еңбегін көреміз. Ахаң халқының жарқын болашағына көміл сенген. Сондықтан да:

"Тән көмлер, көймелес еткен ісім, Ойлайтыңдар мен емес — бір күнісің. Жүрт ұқласа, ұқпасын жабайқлаймын, Ел — бүгіншіл, менікі — ертеңгі ұлың", — деп жырлайды. Бір кездерде алаштың ардагер азаматы А. Байтұрсынұвын арман қылып, жарға қосқан, сол жолда күресіп, мерт болған азаматтықтың асыл идеялары бұл күндері елімізде салтанат құруда.

А. Байтұрсынұвын шығарып тұрған "Қазак" газетінде 1913 жылдан 1918 жылға дейін қазақ қауымының алдында тұрған бірде бір саяси-әлеуметтік, мәдени-өдеби мәселе көтерілмей қалған жоқ десе де болады. Қазақ қоғамының болашағы, саяси құрылымы, мәдениеті, әдебиеті, тілі, ғылымы, білімі, т.б. сияқты өмірлік маңызды бар өзекті мәселелер турасында газет билдірген пікірлер күні бүгінге дейін өзінің маңызын жойған жоқ. Газет бетінде ұлттық мәні бар зору мәселелердің дер кезінде көтеріліп, қоғамдық пікір тұтызу арқылы әлеуметтік күшке айналып отыруы А. Байтұрсынұвын жалпықазақтық деңгейдегі қоғам қайраткері дәрежесіне дейін көтерді.

А. Байтұрсынұвын осы газет бетінде айтқан кейбір пікірлеріне ой жіберейік: "...өз халыққа кергеі — өз діні, тілі, жазуы сақталу. Солай болған соң бастауыш мектеп, әуелі миссионерлік пікірден, политикадан алыс боларға керек, яғни қазақтың діні, тілі, жазуы сұмдық пікір, суық қолдан тыныш боларға керек..." Әуелгі үш жылда балалар кілең қазақша оқу керек..." Бастауыш мектепте кілең қазақ тілінде үйретілетін нәрселер: оқу, жазу, дін, ұлт тілі, ұлт тарихы, есеп, жағрапия, шаруа-қосіп, жаратылыс жайы" ("Қазак", 1914, №61); "Мектептің жаны — мұғалім. Мұғалім қандай болса, мектебі бөз сондай болмақшы..." ("Қазак", 1914, №62); "Әуелгі бес елді түзеуді бала оқуы ісін түзеуден бастауымыз керек. Неге десек, болыстық та, білік те, халықтық та оқумен түзеледі. Қазақ ісіндегі неше түрлі кемшіліктің көбі түзелгенде оқумен түзеледі", ("Қазак", 1913, №14); "Жастардың оқу-тәрбиесі жұмысы түзелмей, жүрт ісі түзелмейді... Ай мен күндей, өмбеге бірдей білім — көп ортасындағы мүлік, онан сыбаға ала алғандар алып жатыр, ала алмағандар құр қалып жатыр... Жақсы мұғалім мектепке жан кіргізеді" ("Қазак", 1913, №63). Бұлар күні бүгінге дейін маңызын жоймаған, халық келешегін ойлаған әрбір азаматтың есінде жүрер өміршең пікірлер емес пе?!

А. Байтұрсынұвын "Қалам қайраткерлерінің жайынан" атты макаласынан ұлтын сүйген азаматтың ұлтшылдық рухы есіп тұр. "Құл болған халықтан туып, құлдықтың қорлық, зорлығын көріп отырып, қазақ қалам қайраткерлері қаламын ұлтының ауырын жеңілдету, ауырын азыту жолына жұмсамаққа мүмкін емес: кемшілік көрген жұрттан туып, кемшіліктің қылқаруды мақсат етіп, ылғи сол жолда жұмыс қылған қазақ қалам қайраткерлері жұртшылық, ұлтшыл, яғни халқына жаны ашитын, халқының жаны ауырғанда жаны бірге қүйзелетін, бауырмал болмасқа тағы мүмкін емес. Олай болмаған болмасқа, онда тауықтан занынан тысқары, адамнан шошқа, шошқадан күшік туган сияқты болып шығады" ("Ұлттық ұлы тұласы". А., 2001, 75-76 беттер) — деген жолдарға түсініктеме беріп жатудың өзі артық. Автор қазақ қаламгерлерін ұлтын сүйуге, қазақтың сөзін қайыққлай сөйлеуге шақырады. Ахметтің ойынша "Мәдениеті жоғары халық мәдениеті төмен халықты аз-көбіне қарамай жем қылатынын айдан анық, күндей жарық ақихат". Сондықтан да қаламгерлер ұлт мәдениетін көтеруге барыңыз ат салысуы міндетті. "Қазақ жем болудан түбінде декрет қуатымен құтқылмайды, мәдениет қуатымен құтылады" дегенді ескертеті. "Азаттық асылы мәдениетте, мәдениет күшеюінің тегігі оқу мен өдебиетте" деп білген А. Байтұрсынұвын қоғам өміріндегі әдебиеттің ролын айтып, ақынның

А. Байтұрсынұвын өдебиет жайлы айтқан пікірлерінің ішінде Абай туралы жазылған "Қазақтың бас ақыны" атты макаласының тарихи маңызы бар. Абай хақында Ахметке дейін де бірлі-жарымды макалалар, жазылып, оның ақындығын жоғары бағалағандығы белгілі. Бірақ оның қазақтың үлы ақыны екендігін алаш айтып, дәлелдеп жазған А. Байтұрсынұвын болды. Мақала бірден "Қазақтың бас ақыны — Абай (шын аты Ибраһим) Құнанбаев. Онан асқан бұрынғы-соңғы заманда қазақ баласында біз білетін ақын болған жоқ" ("Қазак", 1913, №43) — деген жолдармен бастап әрп карай осы ойын әйектей түседі: "Сөзі аз, мағынасы көп, терен. Бұрын естімеген адамға шапшаң оқып шыққан, ағына түсініп, көбінің мағынасына жете алмай қаласын". Абайдың өлеңдерін оқығанда түсінуге ауырлау соғатынын "ол ауырлық Абайдың айта алмағанынан" болған кемшілік емес, оқушылардың түсінерлік дәрежеге жете алмағанынан болатын кемшілік" деп түсіндіреді. "Не нәресе жайынан жазса да Абай түбірін, тамырын, ішкі сырын, қасиетін қармай жазады. Нәрсенің сарын, қасиетін біліп жазған соң, сөзінің бөрі де халыққа тіреліп, оқушылардың біліміне сын болып, емтихан болып табылады".

"Абай сөздері дүниеде қалғаны қазаққа зор бақ" — санайды. "Сөз жазатын адам әрі жазушы, әрі сыншы боларға керек. Сөздің шырайлы, ажарлы бұлуына ойдан шеберлігі керек. Ұнамды, орынды, дәмді болуына сыншылық керек. Мағыналы, маңызды болуына білім керек. Абайда осы үшеуіле болған", "Абай өлең жақсы болуға керек шарттардың бәрін білген" деп, дәлелде "Өлең — сөздің патшасы, сөз сарасы" атты өлеңінің мәнін түгел келтіріп, оның өзін өзінен көятын биік талабын, терен талғамын танытады.

### Ахмет БАЙТҰРСЫНОВ:

# МЕНІКІ — ЕРТЕҢГІ ШЫҒЫН

Абай поэзиясының озық үлгілерінің қатарында "Аттың сыны" өлеңінің өзіндік сипаты сөз болған.

Қазақ қоғамындағы "Көп нәрсені Абай сөз қылған, сол сөздерінің бұрінде де Абайдың әр нәрсенің асылын тамағаны, білгені қоянып", сондықтан да "Абайдың қазақ баласы тегіс танып, тегіс білу керек" дей келіп, ақынның өлеңдерін ел арасына тарату, насихаттау міндеттерін алға қояды.

"Қазак" газетінде өдебиетке қатысты бірсыпыра макалалар жарияланды. Солардың кейбірі бүркеншік аттармен жарық көрген.

1926 жылы жарық көрген "Өдебиет танытқыш" арқылы А. Байтұрсынұвын шын мәніндегі қазақ өдебиеттану ғылымының негізін ұлттық топыраққа берік қалады. Жалпы қазақ филологиясының атасы атанған Аханның бұл еңбегі негізінен өдебиеттің қисынына (теориясына) арналғанымен де онда қазақ өдебиетінің тарихына, ауыз өдебиетіне, сынына, тіліне қатысты аса құнды деректер бар.

"Өдебиет танытқышта" А. Байтұрсынұвын жан-жақты білімдер, әмбебап филолог ретінде көрді.

Ахмет алдымен "өнер" дегеніміздің өзі не екендігін анықтап алады. "Табиғат ісінен шыққан жаратынды нәрселердің бәрі табиғат дүниесі болады", адам ісінен шыққан жасалынды нәрселердің бәрі өнер дүниесі болады" (А. Байтұрсынұвын шығармалары. А., 1989, 137-бет) — дей келіп, соңғысының барлығын өнер туындыларына жатқызады. Өнер атаулының екіге бөледі: "тіршілік үшін жұмсалатын тірнек өнері болады да, соңғы нәрселерге жұмсалатын өнер — көркемшілік үшін — көркек өнері болады". Аханның бұл жерде "тірнек өнері" деп отырғаны — қазіргі айтып жүрген "қолданбалы өнер" (прикладное искусство).

А. Байтұрсынұвын өнердің бес түрін атайды: сөулет (архитектура), сымбат (скульптура), кескін (живопись), әуез (музыка), сөз өнері (литература). Тек қана сымбат өнерін мүсін, өзін өнерін сөз өнері деп қолданағандығымыз болмаса, Аханның өнерді бұлайша жіктеуі бүгінгі айтып жүргенімізге негізінен сай келеді. Өнер түрлерінің ішінде сөз өнері өдебиет — аса қудіретті. "Алдының өнердің бөрінің де қызметін шама қадарынша сөз өнері атқара алады. Қандай сәулетті сарайлар болсын, қандай сымбатты я кескінді суреттер болсын, қандай әлемі өн-күй болсын — сөзбен сөйлеп, сүгіреттеп көрсетуге, танытуға болады".

Әдетте өдебиеттің тілдік және идеялық жақтары бар дейміз. Ахаңда да "Шығарманың екі жағы бар: 1. Ішкі пікір жағы. 2. Тысқы тіл жағы". Қазақ тіл білімінің негізін қалап, оқулықтар, ғылыми еңбектер жазған А. Байтұрсынұвын өдеби тілдің мәселелеріне келгенде мүлдем жүйрік. Кітаптың "Тіл қасиеті", "Тіл өзгешілігі" сияқты көлемді тараулары көркем сөздің құпия сырларын түсіндіруге арналған. Өдебиеттегі көркем тіл — негізгі мәселе. Сондықтан да Ахаң өдеби шығарманың қасиеттерін өңгімелеуді сөздің өз орнында дұрыс, анық, дәл, көрнекті қолданылуынан, тіл тазалығын қатаң сақтап отырудан бастайды. "Тіл тазалығы дейтініміз — ана тілін сөзін басқа тілдің сөзімен шұбарламау" деп, оған ерекше мән берген. Аханның мына бір пікірі тіл тазалығын сақтаудың аса маңыздылығын күні бүгін де ескертіп тұрғандай: "Жалғыз-ақ біздің қашатынымыз — жатышылық (жат сөзшілік). Біз сияқты мәдениет жемісіне жана аузы тиген жұрт өз тілінде жоқ деп мәдени жұрттардың тіліндегі даяр сөздерді алғыштап, ана тілі мен жат тілдің сөздерін араластыра-араластыра ақырында ана тілінің қайда кеткенін білмей, айрылып қалуы өкінімтал. Сондықтан мәдени жұрттардың тіліндегі өдебиеттерін, ғылыми кітаптарын қазақ тіліне аударғанда пән сөздерінің даярлығына қызықпай, ана тілімізден қарастырып, сөз табуымыз керек".

А. Байтұрсынұвын қазақ тіл білімінің негізгі терминдерін жасағандығы белгілі. Сол сияқты ол "Өдебиет танытқышы" арқылы өдебиеттану терминдерін де қазақ тілінде алғаш рет қолданып, қалыптастырды. Еңбектің аса құнды жақтарының бірі де — осы. Ахан тіл көрнектілігін жасау жолдары дегенде көріктеу, мензеу, өсерлеу, теңеу, ауыстыру, бейнелеу, алмастыру, кейіптеу, өсірлеу, мезгеу, арнау, қайталақтау, шендегірту, дамыту, түйдектеу, кекесіндеу сияқты терминдерді қолданады. Айшықтау амалдары аталып жүрген осы терминдердің көпшілігі бүгінгі өдебиеттану ғылымында қолданылып жүр, немесе аз ғана өзгерістермен, не орнына атауы күйінде кездеседі. Осылардың ішінде теңеу, кейіптеу, өсірлеу, арнау, шендегірту, дамыту тура Ахан айтқандай берген мағынада айтылады. Ал енді біреулерінде сөз гана айтылып кеткен бар. Мысалы, Ахаң "көркітеу" "эпитет" атаймыз. Айырмасы

"көркітеу" қазақша да, "эпитет" еуропаша. "Алмастыруды" да синекдоха, метонимия дейміз. Аханның термині осы айшықтау амалды дәл айқындап тұр. Сол сияқты "бернедеуді" аллогория, "өсірелеуді" үлғайту, кішірейту "қайталақтауды" сөз қайталау, "кекесіндеуді" сатира, юмор деп жүрміз. Ойланатын мәселе екендігі көрініп тұр.

А. Байтұрсынұвын сөздерін, сөйлемдерін дұрыс айтылуына, өзгешілігіне де мән берген. Сөздің, сөйлемнің құлаққа жағымды, жағымсыз естілуі — оның дыбыстардан, сөздерден дұрыс құралында деп біледі автор. Сөздердегі дауысты, дауысыз дыбыстардың не көп, не аз қолданылуының мағыналық, эмоциялық, көркемдік құрал ретіндегі сипаттарына арнайы тоқталған.

Ахаң көркем өдебиеттегі сөйлемдерді екі топқа бөледі. "Өрнекті сөйлемдер" аталған біріншісіне прозалық құралдар, екіншісін "өлеңді сөйлемдер" деп, оған поэзиялық өлең сөйлемдерді жатқызған. "Өлеңді сөйлемдерде" тақырыбы осылай аталғанымен де негізінен өлеңнің теориялық жақтары жан-жақты негізделген. Автор өлеңдерді екіге бөлген: "өңді өлеңдер", "мөңді өлеңдер". Алғашқысына өңмен айтылатын өлеңдерді, қалғандарын екіншісіне жатқызған. Ахаң қара сөз бен өлең сөздің ерекшеліктерін айта келіп, поэзиядағы екіні, ырақ, бұнақ, термин, шумак сияқты категорияларды егжей-тегжейлі түсіндіреді. Бұл ретте өлең сөздің теориясы туралы қазіргі түсініктер мен "Өдебиет танытқыштың" арасында айырма жоқ.

"Өдебиет танытқышта" сөз өнерін жіктеудің, талдаудың бүгінгі күнге ұқсай бермейтін өзіндік жүйесі бар. Сөз өнерін біздің түсініміздей, көркем өдебиет мағынасында емес, оған да кең тұрғыда алады. Мысалы, жалпы тіл "қара сөз" бен "дарынды сөз" деп екіге жүйеленген. Қара сөзге ауызша, яғни "жалаң лебізді", ал дарынды сөзге "көрнекі лебізді" сөздерді жатқызған.

"Байымдамаға" пән (ғылым), сын, шешен сөз, көсем сөздерді жатқызған. Мұндағы "пән", "ғылым" деп отырғаны — белгілі бір білім; ғылым салаларына арналған оқулықтар мен ғылыми еңбектер. Кітапта "пән" туралы қысқаша түсініктемелер, шектелсе, "олы" жайында әдеуір тоқталған. Өдеби сында "пікір дұрыстығының үстіне пікірге берілген сурет, сұлулық жағы да тексеріледі" дейді.

Автор шешендік сөздерді де осы "қара сөз" тобына қосқан. Оны "шешен сөздер" атап, бес түрін көрсетеді: саясат шешен сөзі, білік шешен сөзі, қошемет шешен сөзі, білім шешен сөзі, уағыз. Азын-аулақ өзгертулермен бұл жіктеуді бүгінгі күні де қолдануға болмайды.

"Көсем сөз" термині соңғы кездерде публицистиканың орнына баспасөз бетінде сөтті қолданылып жүр. Ахаң көсем сөзге мынадай анықтама береді: "шешен сөз ауызша айтылады, көсем сөз жазумен айтылады. Көсем сөз әлеумет ісіне басшылық пікір жүргізетін болғандықтан да көсем сөз деп аталады... Көсем сөз күндегі мәселе жайын сөйлейтін сөз болған соң, кезіндегі шығып тұрған сөз-журнал жүзінде шығады".

Еңбектің "Дарынды сөз" аталған екінші бөлімінде өңгіме көркем өдебиеттің теориялық мәселелері төңірегінде өрбіген. Ахаң өдебиетті "айтылу түріне қарай негіздік үш топқа" бөлген. Олары: әуезе, толғау, айтты. Мұны бүгінгі жіктеуіміз бойынша айтатын болсақ, өдебиеттің үш тегі: эпос, лирика, драма. Айырмасы — Ахаңдакі қазақша да, біздің терминіміз орысша. "Әуез" туралы "Әуезелеуді айтатын сөзіне өзін қастырмай, өзінен тысқары ғалама болған істі өңгіме қылады" деп түсіндіреді — негізінен болған оқиғаларды баяндауды мақсат тұтатын эпостың басты қасиеті.

"Толғауы" да лирикаға сөйкес. Ахаңда "Толғаушы ақын әуелі көңілінің күйін-мұңын, мүддесін, зарын күйінішін, сүйінішін айтып, шер тартқу үшін толғайды... Толғау қысқасынан айтқанда, іш қазандай қайнаған уақытта шығатын жүректің лебі, көңіл қуысының сирауы, жанның тартатын күйі..." — деп, толғау-лириканың тұп-тамырын дәл басқан.

Ахметтің "Айттысы" да драманың мазмұнын береді. Айттыс дегеніміз ақынды айттысынан бастап, ол дами келе "алаң алданышына" айналады, яғни сахнаға шыққанын, сөйтіп "алаң өдебиеті", яғни сахна өдебиеті драма пайда болғанын түсіндіреді. Ахаң ауыз өдебиетіндегі "айтыс" ал жазба өдебиетіндегі "айтыс-тартыс", кейде "шығарма айттыс" деп алған. "Шығарма айттыстар", яғни драмалық шығармалар қазақ өдебиетінде соңғы кездерде шыға бастады дейді.

А. Байтұрсынұвын жалпы өдебиетті ауыз өдебиеті және жазба өдебиет деп екіге бөледі. Ауыз өдебиетін жіктегенде бүгінгі жүйемізден өзгешеулеу принцип ұстанған. Мысалы, ауыз өдебиеті жұмсалатын орнына қарай сауықтама, сарындамаға бөліп тастайды. Еркемтеменін ертегі, ертегісімақ, отірік өлең, жұмбақ, жаңылтпаш, бас қатырғыш сияқты түрлерін анықтаған. Мұндағы бізге түсініксіздеуі — "ертегісімақ". Ол туралы "Ертегісімақ деп ертегіге ұқсас, бірақ ертегіден гөрі өдемірек, шыңға беймірек, тұрмысқа жақынырақ, дүниеде болуға ықтимал молырақ түрде шығарған өңгіме айтылады" делінуі жөне оған мысалға "Алдар көсе", "Жиренше шешен", "Қожанасыр", "Алтай жомарттың" келтірілуі мәселесін аңыз-өңгімелер туралы екендігін аңғартса керек. Демек, ертегісімақ — аңыз-өңгімелер екен.

"Зауықтамаға" көңіл көтеру үшін сөйленетін сөздерді" жатқызған. Оның іштей ертегі жыр, тарихи жыр, айттыс өлең, үгіт өлең, үміт өлең, толғау, терме түрлерін анықтаған. Мұндағы "ертегі жыр" деп отырғаны — бағырлар жыр, "Тарихи жыр" — "Айттыс өлең", "Толғау" терминдері бүгінгі фольклористика ғылымында Ахан қолданған күйінде қолданылып жүр. Терме секенсінің жылдарға дейін ауызға ілінбей келсе, қазір біршама зерттелініп, термешілік өнер қанат жаюда. Ал Аханның "үгіт өлең", "үміт өлең" дегендеріне назар аударайық. "Үгіт өлеңде", "ақыл айтқан" жол көрсеткен, жөн сілтеген мағыналы өлеңдерді, ал "үміт өлеңге" "біреуден үміттені, бір нәрсеге дөмет айтқан ақынның өлеңдері" жатқызған.

"Әдебиеттанымқышта" қазақтың жазба өдебиетінің тарихы екі кезеге — "діндар дәуір, дилмар дәуірге" бөлінген. Діндар дәуірге араб, парсы үлгісіндегі діншіл өдебиетті, дилмар дәуірге орыс өдебиетінен өнеге ала бастаған кезден бергіні жатқызған. Діндар дәуір өдебиетінің қисса, хикаят, насихат, мінажат, мақтау, дақтау, айттыс, толғау, терме сияқты түрлеріне сипаттамалар беріп, мысалдар келтірген.

А. Байтұрсынұвын "Сын тезі құрылмай өдебиет сөзі сындар болып (мінсіз болып) шыға алмайды" деп жазды. Еуропа үлгісіндегі өдебиеттің басты қасиеті өзіне сын көзімен қарай білгендік, сондықтан да бұл кезеңді "сындар дәуірі" атаймыз дейді. Бұл жерде Ахаң өдебиеттің сынына ерекше мән берген. Ол қазақ өдебиетіндегі осындай жана дәуірді Абайдан бастайды.

"Өдебиет танытқыштың" дарынды сөз бөлімінде жалпы сөз өнерінің төркінін өзүзе, толғау, айттыс-тартысқа, яғни қазіргіше алсақ, эпос, лирика, драмаға анықтамалар берілген болатын. Енді Абайдан кейін өдебиетке тоқталғанда осы мәселеге тағы да соғып, бұрынғы айтқандарды қайталамай, тек түрлерін ғана көрсетеді. Ахаң эпосты "өүезе, яғи өңгіме түрлі сөздер" атап, оның ертегі жыр, тарихи жыр, өзүзе жыр, ұлы өңгіме (роман), ұзақ сөз, аңыз өлең және өңгіме, көңілді сөз, мысал, ұзақ өңгімелер сияқты тоғыз түрін анықтайды. Мұндағы "ертегі жыр" деп отырғаны — ақындардың өлеңмен жазылған ертегісі. Тарихи жыр түсінікті. Роман "ұлы өңгіме", "ұлы өңгіменің өресі қысқа, өресі тарлау түрі "ұзақ өңгіме" деп аталады. Оның шаңындауы түрі "ұзақ өңгіме" делінген. Бұл жердегі "ұзақ өңгіме" повесть те, "ұзақ өңгіме" — өңгіме. Ахан М. Дулатовтың "Бақытсыз Жамалын" "ұзақ өңгімеге", яғни повеске жатқызған. "Өүезе жыр" — поэма, ал аңыз өлең — аңыз тақырыбындағы поэма. "Мысал" қазір де Ахан атаған күйінде қолданылып жүр. "Көңілді сөз" туралы "Табиғатқа жақын қулық-сұмдық жайлар, өдіс жоқ, тамағы тоқ, уайым жоқ, адал ниет, ақкөңіл адамдарды толассыз, тартыссыз, тыныштықпен шеккен өмірін сөзбен суреттеп шығару" — деген де бұл түрдің қазақ өдебиетінде өлі жоқ екендігін ескерткен.

Ахаң толғаудың (лириканың) ішкі қырларына теренірек үңілген. Толғау болу үшін ол адам көңілінің терінінен шымырлап шыққан шың, таза, сырлы сыры болып, әрі қысқа, әрі өзүзді, әрі бейнелі түрде келуі шарт дейді.

Драманың "айтыс-тартыс" деп алынғанды да көңілге қонады. Мұнда драманың негізі "ұстасудың" байланыс, шиеленіс, шешіліс сияқты үш бөлікке бөлінеді: тұрпатталу, абырталу. Ұстасудың үш түрін көрсеткен: әлект